# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

13 ҚАЗАН СЕЙСЕНБІ | 2015 жыл №154 (19042) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz


# ЖАҢАҚОРҒАН КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОСЫЛДЫ

## БІР АЙ ІШІНДЕ ОБЛЫСТЫҢ 4 АУДАН ОРТАЛЫҒЫ МЕН БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛАДЫ

**Өткен сенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен «ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ-ның бас директоры Ибулла Сердиевтің қатысуымен Жаңақорған ауданында автоматты газ тарату станциясының ашылу салтанаты болды. Облыстағы 5 елді мекенді газдандыру инвестициялық жобасының аясында жүзеге асырылған бұл шараның басты ұйытқысы – «ҚазТрансГаз» компаниясы.**





Осылайша, 25 мыңнан астам халқы бар Жаңақорған кенті көгілдір отынға қол жеткізді. Айта кетейік, елімізде алғаш рет бір ай ішінде облыстың бес елді мекені газбен қамтамасыз етіледі. Бұл жоба облыс әкімдігі мен «ҚазТрансГаз» АҚ арасында былтыр жасалған меморандумға сәйкес жүзеге асуда. Жаңақорған, Шиелі, Қазалы және Арал аудандары мен Байқоңыр қаласын газдандыруға қажетті қаражат бөлінгені белгілі. Ал облыстың қалған аудандары келесі жылы газбен қамтылатын болады. Осы жұмыстарға қажетті 16 млрд теңгені Еуропалық қайта құру және Даму Банкі инвестициялайтын болды.

Аудан орталығынан 7 шақырымдағы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырынан бөлек 2 үлкен газ тарату және 27 шағын пункттері орналастырылды. Бұл – аудан орталығының халқы таяу күндері-ақ көгілдір отынның рахатын көре алады деген сөз.

Аудан орталығына газ жіберу салтанатында облыс әкімі сөз алып, тұрғындарды осы бір тарихи сәтпен құттықтады.

– Елбасының елді мекендерді көгілдір отынмен қамтамасыз етуге басты назар аударуды тапсырғаны белгілі. Бұл – соның жемісі. Жалпы алғанда, облыста әлеуметтік мәселелер тиімді шешіліп келеді: «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральді газ құбыры және «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автокөлік жолы салынды. Газды аудан орталықтарына жеткізетін құбырлары салынып бітті. Жаңақорғандықтар үшін шешімін таппаған күрмеуі қиын мәселе ауызсу болатын. Су құбырларын салу жобасы 2016-2018 жылдары жоспарланғанымен, біз жұмысты биыл бастай беруге шешім қабылдап, алғашқы 200 млн теңгені бөлетін болдық. Енді жақын арада жұмыс басталады. Осылайша, ретретімен халықтың тіршілігі үшін қажетті мәселелерді шеше береміз, – деді облыс әкімі.

Тұрғындар атынан аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Зинабдин Шермағанбетов алғысын білдірсе, салтанатты жиын соңынан аймақ басшысы көгілдір отын келіп, оны пайдалана бастаған отбасыларға кіріп, қуаныштарымен бөлісті. «Көгілдір отынның келуі біздің отбасымызға айтарлықтай қаржылық жеңілдік пен тазалық алып келеді. Оны ұқыпты пайдалануға тырысамыз. Осы қамқорлықтарыңыз үшін Елбасыға, осы жұмысты мерзімінен бұрын жеткізіп берген мекемелерге алғысымыз шексіз, – деп қуанышын бөлісті аудан тұрғыны Ғазиза Әбдіқалықова.

Айта кету керек, келесі аптада Шиелі мен Қазалы аудандары орталықтарын газдандыру басталады, одан кейінгі кезекте Арал және Байқоңыр қалалары тұр.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Жаңақорған ауданы.

# ТАРАЗДАҒЫ ТОЙҒА ТАРТУ

**Биыл Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Астана қаласында басталған мерекелік шара қазан айының 8-9 жұлдыздарында Тараз қаласында қорытындыланды. Онда түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, мереке жоғары деңгейде аталып өтілді.**



Мерейтой аясында Қызылорда мен Қостанай облысы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай Тараз қаласындағы «Қарахан баба» кесенесінің аумағына абаттандыру жұмыстарын жүргізіп, шағын сәулеттік нысандардың бейнелері орнатылды. Онда Сыр елінің символына айналған қобыз және құмыра секілді бейнелер орын алды. Ал облыстық филармония аталған шарада Тараз қаласының «Ұлан» стадионында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған үлкен мерекелік концерт қойды. Онда Сыр елінің белгілі жыршы-термешілері мен өнерпаздары өнер көрсетті. Жиенбайдың жырбастауы, Нартайдың термесі көпшілікті толғандырды. Сондай-ақ, Әзілхан Мақсатбаев, Сәрсенбай секілді жыраулардың ізін жалғастырушы Майра Сәрсенбаева, Шолпан Биімбетова және Нартай жыр мектебінен Нұртілек Ахтаев, Бисенбек Төлеубаевтар жыр-термелерді нақышына келтіре орындады. Сонымен қатар «Ақмешіт» фольклорлық, «Томирис» би ансамбльдері мен «Тұран» триосы және жеке орындаушылардың өнерін жиналғандар қызыға тамашалады. Түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық әндері шырқалып, билері де сахналанды.

Концерт соңында тұрғындар мен той қонақтары өнерпаздарға алғыс айтып, жылы лебіздерін білдірді.

**С. АДАЙБАЕВА.**

● КӨРКЕЙТУ АЙЛЫҒЫ

# ТАЗА ҚАЛА ҮШІН

**Бүгінде таза қала қалыптастыру мақсатында аймағымызда тазалық жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп отыр. Осыған орай 10 қыркүйек пен 10 қараша аралығы тазалық айлығы болып жарияланып, әр сенбіде облыста санитарлық тазалық, көркейту-көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп келеді.**

Сенбі күнгі осындай шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев та көпшілікпен бірге қатысты. Аймақ басшысы «Тағзым алаңына» арша ағашын отырғызды. Облыс, қала әкімдігіне қарасты басқармалар мен бөлімдер және жеке кәсіпкерлер де тазалық жұмыстарының ортасынан табылды.

Айта кетейік, осы жолғы сенбілікке 2000-нан аса қызылордалық атсалысқан. 23 техника жұмылдырылып, 162 текше метр қоқыс шығарылды. Ал бұған дейінгі тазалық жұмыстарының нәтижесінде 27 мың 180 метр арық жүйелері тазаланып, шамамен 457 текше метр қоқыс орталық полигонға жеткізілген.

**М.ҚОЖАХМЕТОВА.**

● М.ШОҚАЙ – 125 ЖЫЛ

# АЛАШТЫҢ АЛЫП ТҰЛҒАСЫ




**Кеше Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында «Мұстафа Шоқай – Алаштың алып тұлғасы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Оған Астана мен Алматы қалалары және басқа өңірлерден келген тарихшылар мен саясаткерлер, жазушылар мен қоғам қайраткерлері қатысты.**



Конференция қонақтары пленарлық отырыс басталар алдында университеттің ғылыми-техникалық кітапханасының тақырыптық көрмесімен және М.Шоқайдың өмірі мен тұлғасына арналған облыстық мұрағат стенділерімен танысты. Стенділерде Шоқайдың 1902 жылы Ташкент ерлер гимназиясына, содан кейін Санкт-Петербург мемлекеттік университетіне түскен кездегі құжаттары көшірмелері және Тифлисте, Стамбулда, Парижде эмиграцияда болған кездегі қолжазбаларының көшірмелері бар. Бұл құжаттар елімізге «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жеткізілген. Ал кітап көрмесінде М.Шоқай еңбектерінің 12 томдық кітаптары қойылған. Бұл кітаптарда Шоқайдың мақалалары мен жазбалары топтастырылған. Оны құрастырушы – профессор Көшім Есмағамбет. Алғашқы томы 2012 жылы жарық көрсе, соңғы томы өткен айда басылып шыққан. Көрмеде сондай-ақ Ақайдар Ысымұлының «Түркістан үшін» және «Мұстафа жолы» атты кітабы қойылған. Аталған кітаптарды құрастырушылар конференцияға қатысушыларға жасалған жұмыстар жайлы әңгімелеп берді.

2-бет

# “ӨЗДЕРІҢ БІЛЕР НАРТАЙМЫН”

**Биыл Сыр жұртшылығы ақын, әнші-композитор Нартай Бекежановтың 125 жылдығын ерекше атап өтуде. Оның шығармалары халық поэзиясы тарихындағы суырыпсалма, төкпе ақындық, әншілік, жыршылық, композиторлық қасиеттерді айқындай түсетін бізге қалған мол мұралардың бірі. Соның негізінде бүгінде қазақтың дәстүрлі ән өнерінде Нартай мектебі қалыптасып, ұрпақтары әндерін әуелете шырқап жүр. Кеше А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Өздерің білер Нартаймын» атты республикалық байқау болып өтті.**



Өнер байқауының салтанатты ашылуында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев шараның маңыздылығына тоқталды.

– Ән өнерін мұхитқа баласақ, біздің Сыр өнерінің әншілік мектебін сол мұхиттың аса қуатты, ерекше жылы ағысы деуге болады. Сол мектептің әні әсем, рухы биік, ішкі иірімі терең, қайталанбас қолтаңбасы бар біртуар тұлғасы – Нартай Бекежанов. Халқы қадірлеген, мамандар мойындаған Нартайдың өнері сан ұрпақ сусындап, жас өнерпаздар бас иетін кәусар бұлақ тәрізді. Сырдың жағасында туып, Ұлы дала еліне ән оздырған саңлақ әнші қандай құрметке болмасын лайық тұлға. 9 жасында ән мен жырға құмартқан Нартай 15 жасында атақты ақын әрі әнші Тайжан Нұрмағанбетовпен кездесіп, содан үлгі алады. Сырнайға, домбыраға қосылып ән шырқап, қобыз бен сыбызғы тартатын Тайжан ақын жас Нартайға өзінің ақындығы мен әншілік өнегесін шын ықыласымен ұсынып, ұстаздың шәкіртке сыйлар аманатын, ғажап өнерін сыйлаған. Тума талантымен бүкіл қазақ даласын әнге бөлеген нар тұлға көзі тірісінде-ақ зор құрметке ие болып, өз заманында лайықты бағаланды. Қазір ақынның туған ауылы, ондағы білім ошағы, Қызылорда қаласындағы, Шиелі ауданы орталығындағы көшелер, облыстық қазақ музыкалық драма театры Н.Бекежанов есімімен аталады. Ең бастысы, бүгінде Нартай мектебі қалыптасып, жас өнерпаздардың Нартай мақамына, әншілігіне деген ықыласы азайған емес. Бұл оның талантының қуаттылығын, өнерінің өміршеңдігін білдіреді. Бүгінгі байқау сол Нартайтануды жалғастырудың бір шарасы деп білеміз, - деді аймақ басшысы.

Байқауда еліміздің түкпір-түкпірінен 22 талапкер сынға түссе, оның тоғызы Сырдың тумасы. Олар шарт бойынша өз өңірінің және Н.Бекежановтың шығармашылығынан бір ән орындады. Қазақтың қара домбырасының үні мен сырнайдың сыңғырлаған сазын сағынған сыр жұртшылығы қатысушылардың өнеріне ерекше қол соғып, ықыластарын білдірді. Ал олардың өнеріне ҚР Еңбек сіңірген әртісі, профессор Шахимардан Әбілов төрағалық еткен қазылар алқасы баға берді.

Сайыс қорытындысы бойынша «Ән еркесі Нартай» номинациясымен Алматы қаласынан келген Мақпал Белгібай марапатталса, бас жүлдені Қызылорда облысы Шиелі ауданынан бәйгеге қосылған Мұхамедәлі Бекпейісов иеленді. Бұдан өзге екінші орын – екі, үшінші орынға төрт қатысушы лайық деп танылды. Жеңімпаздардың барлығы қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

**Мөлдір ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.**

## МҰСТАФА ШОҚАЙ МЕН НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВТЫҢ 125 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЛАРЫ АЯСЫНДАҒЫ «АЛТЫН КҮЗ –2015» МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Шиелі ауданы, 13 қазан 2015 жыл**

«Көрнекті тұлға – Мұстафа Шоқай» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасы. Сағат 10.00. Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық мәдениет үйі.

Сұлутөбе ауылдық мәдениет үйінің және М.Шоқай бюстінің ашылу рәсімі. Сағат 12.30. Шиелі ауданы, Сұлутөбе ауылдық округі.

«Тәуелсіздік жаршысы – Мұстафа Шоқай, қазақтың сал-серісі, ақын Нартай» атты республикалық ақындар айтысы. Сағат 15.00. Шиелі кенті, Салтанат сарайы.

О.Бодықовтың «Нартай» спектаклі. Сағат 19.00. Шиелі ауданы, Нартай ауылдық мәдениет үйі.

**14 қазан 2015 жыл**

М.Шоқай ескерткішіне гүл шоқтарын қою.Сағат 9.00. М.Шоқай орталық алаңы.

Ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі. Сағат 9.30. Шиелі кенті, Ы.Жақаев көшесі.

«Алтын дән, қызыл қырман, ән думан» атты театрландырылған қойылым және республикалық ақындар айтысының ақтық сайысы. Сағат 10.00. Иманжүсіп атындағы орталық стадион.

«Алтын күз-2015» мерекесіне орай сала үздіктері мен республикалық ақындар айтысының жеңімпаздарын марапаттау. Сағат 10.30. Иманжүсіп атындағы орталық стадион.

Қазақстан эстрада жұлдыздарының әншашуы. Сағат 11.00. Иманжүсіп атындағы орталық стадион.

Республикалық ат бәйгесі. Сағат 15.00. Аудандық ипподром.

Қазақстан эстрада жұлдыздарының Гала-концерті, мерекелік отшашу. Сағат 19.00. Шиелі кенті, орталық стадион.

**Ұйымдастыру алқасы.**

● ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# ЖАҢА СУ ТОҒАНЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ КӨП

**Жексенбі күні аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев облыс орталығындағы бірқатар нысандарды аралап, жұмыс барысымен танысты.**

**«Қыс қамыңды жаз ойла» демекші, алдымен «Қызылорда жылуэлектр орталығы» мекемесінің қысқы жылу маусымына дайындығын көріп, жағдайға қанықты.**





«Қызылорда жылуэлектр орталығы» – облыс орталығындағы 400-ге жуық көпқабатты тұрғын үйлер мен жүзге тарта әлеуметтік нысанды, бірқатар шаруашылық орындары мен мыңға жуық жеке сектордағы тұрғын үйді жылумен қамтамасыз ететін алып кәсіпорын. Атбасын тіреген аймақ басшысы буқазандықтарының жұмысымен танысты. Бүгінде шаһардың басым бөлігін жылумен қамтып отырған кәсіпорында 700-дей адам еңбек етеді. Аталған мекеме жауапты сынға тиянақты дайындық өткізген. Биыл күрделі жөндеуден өтетін 14 нысанның 10-ы дайын болса, қалғандары жылу маусымы басталғанға дейін толық пайдалануға беріледі деп күтілуде. Өткен жылу маусымы аяқталысымен, жылу трассалары жөнделіп, турбогенераторлар сәйкесінше толық тексерулерден өтіп, Еуропалық қайта құру және даму банкі арқылы жаңа газ турбиналы қондырғысын сатып алуды көздеп отыр.



Қызылордалықтарды таза ауызсумен жабдықтау мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Қазір «Қызылорда қаласындағы ауызсу және кәріз жүйелерін, ғимараттарын қайта жаңғырту және кеңейту» жобасы негізінде «Степь» су тоғанының құрылысы жүргізілуде. Мердігер мекеменің басшылары жұмыстың 95 пайызы аяқталды дейді. 22 дана су бұрғылау ұңғымалары мен 22 шақырым су жүйесі тартылуда. Су тоғанының жалпы құны 2 млрд 600 млн теңгені құрайды.

«Степь» бас су айдау алаңында болған облыс әкімі ұңғыма бұрғылау жұмыстарымен танысты. Құрылыс жұмыстарымен айналысып жатқан «Мелиоратор» ЖШС басшысы Бердібек Мыханов желтоқсанның бірінен бастап қалаға таза ауызсу жеткізетінін мәлімдеді. Осы уақытқа дейін биологиялық тазартудан өткен дария суын ішіп жатқан қалалықтар үшін бұл үлкен жаңалық. Тұрғындар енді жаңа су торабынан алынған скважина суын ішетін болады. Бас су айдау алаңындағы насос станциялары мен бірнеше жылға төзімді су сорғылары Еуропадан әкелінген сапалы дүниелер.

– Бас су тоғанынан бастап, «Степь», «ҚІБ», «Сисенбаев», «Мерей» су тоғандарына жаңғырту жұмыстарын жүргізіп келеміз. Осы 3 жылдық еңбегіміздің жемісін желтоқсан айында көреміз бе деп отырмыз, – деді Бердібек Мыханов.

Қала халқын сапалы сумен қамтамасыз ету жұмыстары келесі жылы да жалғасады. Әзірге жоспар жыл соңына дейін тұрғындардың 78 пайызын таза ауызсумен қамтамасыз ету көзделген.

Қызылорда қаласының су жүйесін жаңғыртуға соңғы 3 жылда 10 млрд теңгеге жуық қаржы жұмсалған. Демек, талай жылдан бері қордаланып қалған бұл проблеманың шешімін табатын күн де алыс емес.

Облыс орталығындағы көпсалалы 200 төсектік балалар ауруханасының құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Аймақ басшысына есеп берген «Дәнекер» ЖШС төрағасы Әбдіміжит Жансақалов, құрылыс жұмыстарының 40 пайызға біткенін, келер жылдың желтоқсанында толықтай пайдалануға берілетінін айтты. Бес қабатты аурухана 4 корпусқа бөлінген. Облыстағы ең ірі 20 нысанның біріне саналатын аурухана құрылысында 300-ге жуық құрылысшылар жұмыла еңбек етуде.

Аймақ басшысы құрылыстың сапасына аса мән беріп, нысанды мерзімінен кешіктірмеуді тапсырды.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

# АЛАШТЫҢ АЛЫП ТҰЛҒАСЫ




*«Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қана қоймаймыз, рухын, тынысын сезінеміз. Біздің ұлы қандастарымыз өмірлерін қиып, шыбын жандарын шүберекке түйіп, біздің тәуелсіздігімізді жақындата түскен... Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген».*

**ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.**

Зиялы қауымның басын қосқан айтулы шараны облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ашты.

– Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіздіктің ең алғашқы жылдары өткенді тану, тарихты терең пайымдау, оған әділ баға беру үлкен парасаттылық пен жауапкершілікті талап ететін, өткендердің қадірін білу, олардың арман-мүдделерін жалғастыру біз үшін адамгершілік парыз ғана емес, қоғамдық дамудың ілгері басуының негізгі алғы шарттарының бірі деп атап көрсеткен болатын. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, өткенімізді тереңірек тануға, тарихи тұлғаларымызды ұлықтауға арналған талай бастамалар көтеріп, игі шараларды іске асырып келеміз. Соның арқасында кеңестік дәуірде атын атап, шығармаларын оқуға





тыйым салынған қаншама тарихи тұлғаларымыз ортамызға оралды. Жадымызды жаңғыртып, танымымызды өзгертті. Кеше ғана Елбасы бастап, бүкіл халық болып қолдап, мемлекеттігіміздің 550 жылдық тарихи тағылымына ден қойдық. Ұлттың рухы көтерілді, елдің мерейі тасыды. Тәуелсіздік жылдары дүниеге келіп, бүгінде ат жалын тартып мінген жас ұрпақ осы тағылыммен сусындап, жаңа өріске биіктеп барады. Біздің тарихымыз әлемдік өркениетке тыңнан қосылып, адамзаттық құндылықтарды қазақы өрнекпен толықтыру үстінде. Қазақстанның тұңғыш Президенті өзі бастап, кемелденіп келе жатқан халқымыздың азаттық тарихы уақыт өткен сайын тамырын тереңге тартып, жаңа биіктерді бағындыруда. Осы орайда, Алаштың ардагер ұлы, түркі әлемінің көсемі Мұстафа Шоқайдың 125 жылдығына арналған бүгінгі ғылыми-тәжірибелік конференцияның маңызы ерекше деп ойлаймын. Сырдың бойында дүниеге келіп, әлемдік саясатта айтулы тұлғалардың қатарына қосылған Мұстафа Шоқайдың тағдыры арғы-бергі қазақтың қайраткерлерінің ешбіріне ұқсамайтын ерекше табиғи құбылыс. Тіпті оның күрескерлік жолы өз замандастары Алаш арыстарынан да алабөтен болды. Қазақ халқының азаттық жолында алаштықтармен идеялас болғанмен, өз мақсатын кең шалқарға сілтеп, бүкіл түркі жұртының бүтіндігін ту етіп көтерді. Және сол жолдағы ашық айқаста аянбай күресті. Кеңес үкіметі орнап, азаттық, теңдік деген ұран көтерілген саясат жүргізілгенмен де, М.Шоқай алдауға түскен жоқ. Күрескерлігіне салып, эмиграцияға кетті. Осылайша, Европа орталығы Парижден саяси баспана тапқан қазақтың алғашқы зиялысы болды. Шетелде тұрып, қазақтың тәуелсіздігі үшін майдан ашқан, ондағы түрік зиялыларының газетін басқан, журнал шығарып ақтық демі қалғанша күресіп өткен бірегей тұлғаға айналды, – деген Қырымбек Елеуұлы өкінішке орай,

1-бет

кешегі қоғамда оның атын айтуға тыйым салынған кезең болғанын еске салып өтті. Тәуелсіздік орнағаннан кейін Елбасы тарихи тұлғаларымыз туралы деректерді жинауға тапсырма берді. Осы ретте М.Шоқайдың да шетелдегі мұрағаты елге оралды. Жарының, саяси серіктерінің естеліктері жарық көрді. Мұстафа Шоқай есімі тарихи оқулықтарға енгізілді. Фильмдер түсірілді. Астана, Алматы қалаларында көшелерге аты берілді. Облыс әкімі осы ретте Шоқайдың туған жерінде осындай игі шаралар іске асырылғанын атап өтті.

«Мұстафа Шоқай философиясы» атты баяндама жасаған ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің пофессоры Досмұхамбет Кішібеков М.Шоқайдың өмірі оңай болмағанын, қарама-қайшылыққа толы болғанын жеткізді. Бірақ шындық жеңді, өмір көрсетті, тарих ақтап шықты. Ғалым өз сөзінде тарихтың екі қыры болатынына тоқталды. Оның біріншісі болған оқиға. Екіншісі, сол тарихқа көзқарас жасау, сол тарихты талдау. Шоқайға қатысты тарихтың осы екі жағы да болашақта терең зерттелетініне сенетінін жеткізді. М.Шоқайдың үш қырына назар аудару қажеттігін айтты. Біріншісі – оның біздің ата-бабаларымызға тән ерлігі. Екіншісі – көрегендігі. Үшіншісі – табанды қайраткерлігі. Ол өте тәуекелшіл, өте сенімді, рухын мықты ұстай білген, келешекке сол рухы арқылы жетем деген мақсат қойған. Оның мақсаты бүкіл халқын, елін бостандыққа жеткізу еді. Ол үшін бүкіл түркі халқының ауызбіршілігі бір жерден шықса сонда ғана жеңіске жетеміз деді. Бостандыққа жету үшін бірігейік деген ұран көтерді. Түркия Шоқайды құшақ жая қарсы алғанымен, әлемдік трибуна қажеттігін сезініп, Европа орталығы Парижге қоныстанғанын атап өтті. Ешбір қаражаты, сүйеуі жоқ болса да өзінің күш-қайратына сеніп, халқына әлемдік трибунадан қызмет етуге бел байлады.

Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбет Мұстафатанудың деректемелік негізі жайында баяндама жасады. М.Шоқайдың өмірі мен жанкиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп-зерделеу біздің парызымыз деген профессор Мұстафатанудың негізі Түркияда қаланғанын айтты.

Алаш арыстарының бірі – Сұлтанбек Қожановтың Мұстафа Шоқаймен тығыз байланыста болғаны туралы конференцияда Халықаралық Түркі академиясының ғалым-хатшысы, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп кеңінен баяндап өтті. Бұл байланыс Шоқай эмиграцияға кеткеннің өзінде үзіліп қалмаған.

Конференцияда Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессоры, саяси ғылымдарының докторы Әбдіжәліл Бәкір М.Шоқайдың Кеңес үкіметінің патшалық Ресейдің отаршылдық саясатты жалғастырушы ретінде танып-білудегі көрегендігін жеткізді. Соғыстан кейінгі тың игеру кезеңі, Хрущевтің кейбір аймақтарды қайта бөліске салуы соны айғақтайды. Сонымен бірге, Мұстафа Шоқай кеңестік үкіметтің оң істерін де бағалай білгені. Ол Шоқайдың Қазан төңкерісінің 16 жылдығына арналған мақаласында айтылған.

Мұстафатануда, оның еңбектерінің бүгінгі күнге аман-есен жетуінде ең бірінші Шоқайдың жары Мария Яковлевнаның еңбегі зор деді өз сөзінде жазушы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары Сұлтанәлі Балғабаев. Ол сонымен бірге Шоқай есімінің ақталуы жолында алғашқылардың қатарында жазушы Әнуар Әлімжанов, ғалым Әбу Тәкенов сол секілді қазақ қаламгерлері болғанын жеткізді. Сонымен қатар Әбділда Тәжібаев, Жабайхан Әбділдин, Манаш Қозыбаев, Бейбіт Қойшыбаев, Мәмбет Қойгелдин, Базарбай Атабаев, Оңалбек Сәпиев және басқалар Елбасына ашық хат жолдаған.

Конференцияда ҚР Журналистер одағының мүшесі Әмірхан Бәкірұлы және «Мұстафа Шоқай» қорының президенті Базарбай Атабаев ұлы тұлғаның есімін ұлықтауда жасалған жұмыстардың маңызы зор екенін жеткізді.

Жалпы конференцияға қатысушылар Шоқай туралы көптеген тың деректерге қанықты. Мысалы, Шоқайдың «Яш Түркістан» журналын шығарғаны белгілі болғанымен, «Түркістан» атты журналдың алты нөмірін шығарғаны бұрын белгісіз болып келген еді. Сондай-ақ, неміс тұтқынынан ортаазиялық ұлттар өкілдерін босату жұмыстарымен қатар, өлімге кесілген сексен грузинді ажалдан арашалап қалған. Бұл деректерді естіген грузиндердің зиялы қауымы Шоқай тұрған үйге естелік тақта орнатыпты. Сонымен бірге, Шоқай қазақ эмиграциялық журналистикасының негізін салушы ретінде танылады. Конференцияда сөз сөйлеушілер тарапынан бірқатар ұсыныстар да айтылды. Солардың қатарында Қызылорда қаласында ескерткіш орнату, сондай-ақ Шоқай орталығын құру туралы ойлар бар.

Конференцияның пленарлық мәжілісін қорытындылаған облыс басшысы М.Шоқайдың ортамызға оралуы ең бірінші Тәуелсіздікке ие болуымыздың, содан кейін Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында болып отырғанын атап өтті. Облыс орталығында ұлы тұлға атында мектеп бар екенін айтқан Қырымбек Елеуұлы бюджеттен арнайы қаржы бөлініп, ескерткіші жасалуда деді. Ал Мұстафа Шоқай орталығы Қорқыт ата атындағы университтетте ашылатын болады. Осындай басқосу Астана қаласында да өтеді.

Конференция жұмысы түстен кейін секциялық бөлімдерде жалғасын тапты.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

---

Мұстафа Шоқай – қазақ халқының данышпан тұлғасы. Сыр өңірінде өтіп жатқан іс-шаралар ұлы қайраткердің қадіріне жеткеніміздің белгісі іспетті.

Расында, алып азаматтың өнегелі өміріне біз, Қазақстан жұртшылығы енді ғана терең бойлап жатқандай әсерде тұрмыз. Ал шетел болса, Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасын, түркі жұртына жанашырлығын, гуманистік қасиетін ертеден таныған. Түркияда, Францияда, Германияда оны халықаралық деңгейдегі саясаткер әрі журналист адам ретінде біледі. Ештен кеш жақсы. Себебі, кеңестік кезеңде Мұстафа Шоқайдың есімін айту қылмыспен парапар еді. Елеусіз қалды. Ал Тәуелсіздік алғанымызға 24 жыл болды десек, осы уақыт ішінде Мұстафа Шоқайдың мерейтойын үлкен деңгейде бірінші рет атап отырмыз. Құдайға шүкір!

Бір анығы мынау: Мұстафа Шоқайды тану – қазақ халқының болмысын, болашағын тану деген сөз. Бүгінгі заманда осы көзқарасты елдің санасын бұзатын өзге пайымдардан ажыратып алуымыз қажет. Қарап отырсақ, қазір жас ұрпақтың алдында қай тұлға болмасын «батыр», «қайраткер» деп аталып жүр. Кеңес үкіметін қолмен жасағандар да, Алашорда автономиясын құрғандар да, олардың көзін құртқандар да жақсы. Кімнің кім екенін білмейміз. Біздің миымыз қазір қойыртпақ. Осылардың ішінен Шоқай сынды алыптарды ажыратып алуымыз керек. Өйткені, Мұстафаның мағыналы ғұмыры мен мәнді сөздері кеңестік пайымдардан ажырауымызға септігін тигізеді. Сондықтан, бүкіладамзаттық құндылықтармен үндесіп жатқан Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарынан айрылмауымыз керек. Бұл – Мұстафа Шоқайдың көксеген арман-мақсаты. Бүгінгі жастарды осы қалыпқа салып, тәрбиелесек, біздің тәуелсіздігіміз баянды болады. Жастардың санасы оянса, мәңгі тәуелсіз ел атанамыз. М.Шоқай: «...Бәрімiздiң құбыламыз өзiмiздiң атажұртымыз, өлкемiз Түркiстан болмақ. Түркiстан үшiн өлу, Түркiстан үшiн жан беру бәрiмiзге бiр мақсат, бiр киелi мiндет болмақ. Мұны ұмытпау керек. Түрiк халқы – батыр халық, түрiк халқы – арыстан, ер халық. «Кiмнен таяқ жегендей, бiздiң түрiктiң баласы, Алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы». Бұл нақыл сөздi ұмытпауымыз керек. Бәрiмiз бiр болсақ, бiздiң жеңбейтiн жауымыз болмайды. Мақсатымызға жетемiз, онсыз бiздiң күнiмiз жоқ. Мұны ұмытпау керек», – деп, жастарға жауапкершілік жүгін жүктеп отыр. Сол себепті, жастар осындай данышпан адамды үлгі етіп, үлкен істерді орындауға жігерленуі керек.



**Төлен ӘБДІК,**
**жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.**

---



Қазақтың Ресей патшалығы құрсауынан босаған шақтағы өз жолын іздеу үдерісіне атсалысқан тұлғалар шоғыры қомақты. Баршасы да құрметке лайық. Бостандық үшін басын берген азаматтар арасындағы ерекше орны бар күрескерлердің бірі – Түркістан автономиясы үкіметінің бас министрі Мұстафа Шоқай.

Алаштың алып тұлғасы өз халқына қайта құру кезеңінен кейін оралды. Сонда қайраткер тұлға жөнінде ең алғаш болып мақала жазғандардың бірімін. 1990 жылы мамырда «Ана тілі» газетіне М.Шоқайдың саяси көзқарастарын терең айшықтамай, ғұмырбаяны мен еңбектері төңірегінде нақты деректер келтіре отырып, материал бердім. 1990 жылдың аяғында «Қазақ әдебиеті» газетінде М.Шоқайдың саяси портретіне айрықша тоқталып, көлемді мақала жарияладым. Одан кейін жазушы Әнуар Әлімжанов қалам тербеді. Сең қозғалды, зерттеулер бірінен соң бірі шығып жатты. Алаш қайраткерінің есімі елге танылды. Алайда, мемлекеттік деңгейде ресми танылуы кемшіндеу. Десек те, 125 жылдық мерейтойы бұл олқылықтың орнын толтырады деп ойлаймын.

Қайран Мұстафа Шоқайұлы, елі үшін қабырғасы қайысқан Ұлы Түркістандық, сонымен бірге асқан білімпаз да зиялы Европалық атанған асыл жан! Сондықтан, бұл кісінің жүрек жұтқан ерен еңбегін біз әділ бағалай білуіміз керек. Өз отандастарымызға, әсіресе өзге ұлт өкілдеріне де оның гуманистік көзқарастарын, өмір жолын танытқанымыз жөн.

Мұстафа Шоқай – соңғы демі біткенше халық үшін жұмыс істеген адам. Өмірі сыртта өткеніне қарамастан, ол елдегі оқиғалардың барлығын жіті бақылап отырды. Азаттық қозғалысының теориясын жасаған, соны талдай білген Мұстафа европалық басылымдармен қатар, «Яш Түркістан», «Йени Түркістан» журналдарының бетінде де отандастарының өзекті мәселелерін үзбей көтерумен болды.

Репрессия кезінде жазықсыз жазаланған арыстарға жаны ашып, оны да жазып отырды. Бұл ретте Мұстафа Шоқай С.Қожанов, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, С.Меңдешевтердің, кеңестік баспасөз жазғандай, «Қазақстанды кеңестік Ресейден бөліп әкетуге тырысқан халық жаулары» болмағанын жазды. Сондай-ақ елдегі орын алып жатқан кемшіліктерге «нағыз ұлт жауы – кеңес өкіметі жауапты», ал «нағыз халық жауы – нақақтан жазаланып жатқандар емес, кеңестік жүйені ойлап тауып, оны халыққа таңып отырған адамдар» деді.

Жалпы, Мұстафа Шоқай большевизм идеясының қазақ халқына қасірет әкелетінін о баста білді. Қазақ халқы 1917-1919, 1921-1923, 1931-1933 жж. үш дүркін жасанды ашаршылықты бастан кешті. Солардың салдарынан жалпы 4 миллион қазақ опат болды. Егер олар қырылмағанда, табиғи өсімді есептегенде, олардың саны бүгінде 10 миллионнан асар еді. Бұлар әрине, жасанды ашаршылық еді. Мұны Мұстафа Шоқай «Большевиктердің аштық саясаты» деп бағалады сол заманда. Ол қазақтың қанын, салтын жойып, «бақыт» орнатқысы келгендерге қарсы шықты. Тәуелсіздік үшін күресті. Осыны бәрі білуі керек.

**Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,**
**жазушы, шоқайтанушы.**

---

1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Патшалық Ресей құлаған тұста көптеген ұлттар автономиясын жариялады. Соның бірі – Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан мухтарияты. Қазан төңкерісінен кейін осылардың барлығы жаныштадды, ал басшылары шетелге кетуге мәжбүр болды. М.Шоқайдың ұлы тұлға екендігін қатар жүрген мемлекет, қоғам қайраткерлері көзінің тірісінде-ақ мойындаған. Украина Халық Республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі А.Шульгиннің М.Шоқай қайтыс болғаннан кейін: «Егер Түркістан тәуелсіздік алып, М.Шоқай тірі болса, ол Джавахарлал Неру, Ататүрік сияқты қайраткер болар еді» дейді. Тағы бір сөзінде: «Заман өзгеріп, қалпына келгенде Мұстафа Шоқайға Ташкентте, не Перовскіде ескерткіш қойыла ма, жоқ па, білмеймін. Бірақ өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен Шоқайға өз халқының жүрегінен мәңгілік ескерткіш орнатылатынына сенімдімін» деген. Биылғы мерейтой секілді іс-шаралар тарихи тұлғаның халық жүрегінен ойып тұрып орын алғанының белгісі.

Сонымен қатар, жұрттың М.Шоқай жөнінде пайымдап жүргені 1999 жылы жарыққа шыққан екі томдық еңбек. Күні бүгінге дейін соның деңгейінде зерттеу жүргізілді, түсінік қалыптасты. Сол еңбектерді түпнұсқасымен салыстырып көргенімде, көптеген бұрмалаушылық болғанын анықтадым. Мұндайға жол бермеу үшін және Мұстафа Шоқайдың мұрасын сақтап қалу үшін түпнұсқа еңбектерін жинап, 12 томдық шығардық. Бұл еңбек біз үшін аса құнды және оны құрастыру оңай болған жоқ. Кітапта М.Шоқайдың өмірі мен қызметі, еңбектері, эпистолярлық мұрасы толық берілген. Күні бүгінге дейін беймәлім болып келген мақалалары табылды. Париждегі Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының кітапханасын, Түркияның, Ресейдің, Өзбекстанның, Англияның, Қазақстанның, Польшаның, Америка Құрама Штаттарының, Ұлыбритания мен Грузияның мұрағаттары мен кітапханаларын, сирек қолжазбалар сақталған қорларын ақтардық. 2012 жылдан шыға бастаған ұлы күрескердің көптомдық шығармаларының толық жинағы азаттық аңсаған Алаштың асыл азаматының туғанына 125 жыл толған мерейтойы қарсаңында тарту етіп отырмыз. Енді бұдан былай қалың оқырман аңызға айналған тұлға туралы ақиқатқа көз жеткізетін болады.



Мұстафа Шоқай – тәуелсіздік үшін күрескен тұлға. Оның тәуелсіздік идеясы қай заманда да өміршең. М.Шоқай тәуелсіздікті ұлттың табиғи құқығы деп есептейді. Халық – дербес, азат өмір сүруге құқылы. Бұл Американың Тәуелсіздік декларациясы, Францияның Азаматтық құқықтар құжаттарында көрініс тапқан. Мұстафа Шоқай тәуелсіздікті осы тұрғыдан түсінді. Сонан соң ол тәуелсіздік үшін күрес жолдарын анықтады. Қандай мемлекет құру керектігін, қай елмен қандай қарым-қатынаста болуымыз керектігін де айтып кетті. Оның тәуелсіздігі отаршылдық идеяға қарсы бағытталды. 1929 жылы Мұстафа Шоқай: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды. Бұдан кейінгі мұрат Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ, сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деген болатын. Міне, сол арманы туған халқының басына бақ болып қонды. Осындай азаттық үшін күрескен қайраткерді бүгінгі ұрпақ білуі тиіс, біліп қана қоймай, үлгі тұтуы керек.

**Көшім ЕСМАҒАМБЕТОВ,**
**Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор.**

---



Сыр бойынан атақ-даңқы алты Алашқа тараған небір асыл азаматтар түлеп ұшқан. 125 жылдық мерейтойы салтанатпен өтіп жатқан Мұстафа Шоқай есімі ел есінде мәңгі сақталатын осындай тарихи тұлғалардың алдыңғы қатарынан орын алады.

Мұстафа Шоқайдың ұлтжанды қайраткер ретіндегі тұлғасы шетелдегі қазақтар мен шетелдік зиялы қауым арасында ерекше танымал. Ал халықаралық дәрежедегі мұндай танымалдыққа көтерілген тарихи тұлғалар бізде өте сирек. Дегенмен, М.Шоқайдың өз Отанымен қайта табысып, мұраларының жұртшылыққа жетуі оңай болмады. Еліміз тәуелсіздік алған тоқсаныншы жылдардың басына дейін Мұстафа Шоқай туралы ашық айтылған да, жазылған да жоқ. Керісінше, бұл мәселеге қарсылық жиі бой көрсетіп тұрды. Міне, осындай жағдайда М.Шоқайдың есімін елге танытуда тарихшы ғалым Әбу Тәкенов, жазушы және қоғам қайраткері Әнуар Әлімжанов алғашқылардың бірі болып елеулі еңбек етті. Сондай-ақ Қызылорда облысынан құрылған «Мұстафа Шоқай» қоры басшылары және жергілікті қаламгер-журналистер, зиялы қауым өкілдері де зор еңбек сіңірді.

Бұл мәселеге біз қызмет ететін Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы да атсалысқанын айта кету керек. Тәуелсіздік алғаннан кейін көп ұзамай, яғни 1992 жылдың қыркүйек айында Алматыда Әлем қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтті. Отызға жуық елде тұратын қазақтардың өкілдері жиналған құрылтайда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құрылып, оның Төралқа Төрағасы болып Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сайланған еді. Осы құрылтайда Мұстафа Шоқайдың қазақ халқына сіңірген еңбегін лайықты бағалау мәселесі сөз болды.

Құрылтай өткеннен кейін де қауымдастық бұл мәселені назарда ұстады. Бұл үшін Түркия, Германия және Франциядағы ағайындармен нақты байланыс орнаттық. Еліміздегі сөзұстар азаматтармен пікірлестік. Нәтижесінде Мұстафа Шоқайдың мәселесін түбегейлі шешу үшін Елбасының қолдауына сүйену қажет екендігі айқындалды. Соған орай, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен «Мұстафа Шоқай» қоры бірлесіп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына ашық хат жолдадық. Онда М.Шоқайдың тәуелсіз еліміздің тарихынан өзінің лайықты орын алуына қатысты мәселелер мемлекеттік деңгейде шешілуі керектігі жазылды. Хатқа Әбділдә Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев, Жабайхан Әбділдин, Әнуар Әлімжанов, Манаш Қозыбаев, Қабдеш Жұмаділов, Бейбіт Қойшыбаев бастаған зиялы қауым өкілдері қол қойды. Ашық хат 1993 жылы 5 қарашада «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді.

Хат Елбасының тарапынан лайықты қолдау тапты. Соның нәтижесінде бұдан кейін Мұстафа Шоқайдың қайраткерлік еңбегін жоққа шығаруға тырысқан кедергілер біржола тоқтатылды. Яғни, Мұстафа Шоқайдың өз халқының ортасына біржола қайтып оралуына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей ықпалы болғанын айрықша атап айтуға тиіспіз. Міне, осыдан кейін елімізде М.Шоқайдың ғұмырбаянын, еңбектерін терең зерделеу жұмыстары басталды.

**Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ,**
**жазушы,**
**Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары.**

---

# КҮЗДІҢ СЫЙЫ

**Қоңыр күз келгелі облыс орталығында аудандардың ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтуде. Қала тұрғындары қыстық азық қорларын несібесі мол берекелі күздің жаңа өнімдерімен толықтырып жатыр. Осындай игілігі мен сауабы мол жәрмеңке кешегі жексенбі күні де өтті. Кезегімен өтіп жатқан жексенбілік жәрмеңкеге Қызылорда қаласы және Жалағаш ауданының кәсіпкерлері мен ауылшаруашылық тауар өндірушілері өз өнімдерін сөреге қойды.**

Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев жәрмеңкеге арнайы барып, кәсіпкерлермен және қала тұрғындарымен тілдесіп, баға нарқына мән берді.

Қызылорда қаласының ауылшаруашылық жәрмеңкесінде 204 тоннадан астам өнім саудаланды. Нарық бағасынан 15-20 пайызға арзан өнімдердің жалпы сомасы 35 млн-ға жуық. Ал жалағаштықтар қала тұрғындарына жалпы құны 18 млн теңге болатын ауыл шаруашылығы өнімдерін әкеліп, қала халқына арзан бағада ұсынды.

Жәрмеңкеге шаруашылықтармен қатар жергілікті кәсіпкерлер де белсене қатысты. Мәселен, ірі сауда орталықтары да өз өнімдерін әкеліп, тұрғындарға төмен бағаға саудалады. Жәрмеңкеде жеміс-жидек, көкөніс, бақша дақылдарынан бастап, күнделікті тұрмысқа қажетті азық-түлік өнімдеріне дейін болды. Жергілікті тұрғындар мұндай шараның апта сайын ұйымдастырылып жатқанына дән риза екендіктерін жеткізді.

Сондай-ақ, жәрмеңкелерде концерттік бағдарламар, мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Ауылшаруашылық жәрмеңкесі желтоқсан айына дейін жалғасатын болады.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

---

## ● БОЛАШАҒЫ БІРТҰТАС ЕЛ

# ЕЛДІККЕ ШАҚЫРАДЫ

«Мәңгілік ел» – ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстыратын рухани күш. Жуырда елордамыздағы «Қазақстан» орталық концерт залында бас қосқан тәуелсіз елдің белсенді әрі отансүйгіш азаматтары қоғамға осылайша ұран тастады. Жалпақ жұртты елдікке шақырған «Мәңгілік ел – болашағы біртұтас ел» атты республикалық патриоттар форумына еліміздің барлық облыстарынан 2 мыңнан астам делегат қатысқаны мәлім. Тәуелсіз елдің патриоттары – Отанын жанындай сүйетін азаматтар. Аталған жиынға Сыр елінен қатысқанымды мақтаныш тұтамын. Олар – түрлі салада жүрген үздік дәрігерлер, әскерилер, өнеркәсіп жұмысшылары, ғалымдар, жас көшбасшылар, ауыл шаруашылығы қызметкерлері, қоғам қайраткерлері, спортшылар, актерлар және мәдениет майталмандары.

Айтулы жиында мінберге шығып сөз алғандар «Мәңгілік елдің» ұлттық құндылықтарына тоқталды. Елбасының «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасы аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен ел – үлкен отбасы» жалпыұлттық жобасы талқыланды. Соңында «Жыл патриоты» байқауының жеңімпаздары жеті аталым бойынша марапатталды. Оларды Отанға деген құрметін күнделікті еңбегімен әрі нақты ісімен дәлелдеп ерлік көрсеткендер деп ойлаймын.

Мәселен, мен патриоттық сезім дегенді тәуелсіз Қазақстанның дамуына атсалысу, сол жолда аянбай тер төгу деп түсінемін. Қысқасы, «Мәңгілік ел – болашағы біртұтас ел» атты форумнан көкейге түйгенім мол болды.

**Қайраддин БАЙМАХАНОВ,**
**облыстық "Ерлік" үйлестіру кеңесінің төрағасы.**

---

# ТАҒАЙЫНДАУ



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысы Н.Коржованың 2015 жылғы 8 қазандағы бұйрығымен және облыс әкімінің келісімі бойынша **Дүйсенбаев Әуезбек Сейткамалұлы** Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаментінің басшысы лауазымына тағайындалды.

